




## Негізгі түйіндер

## 2015 ж. маусымында экономиканың өсу қарқындары өзгерген жоқ

2015ж. қаңтар-маусымында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 102,0%-да қалды. Сонымен қатар, көліктен бөлек, экономиканың барлық негізгі салаларында өсу үрдісі сақталған.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-маусымы	2015ж. маусымы	% -бен		2015ж. маусым 2015ж. мамырына
					2014ж. қаңтар-маусымына	2014ж. маусымына	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	<b>ІЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін есептеме деректері)</b>	млрд.теңге	<b>8 248,0</b>		<b>102,3</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	6 816,4	1 137,6	100,6	101,3	97,5
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	611,7	154,6	103,0	103,7	144,8
4	Құрылыс	млрд.теңге	936,7	276,7	105,1	106,8	118,2
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	238,4	40,7	94,4	91,3	99,6
6	Байланыс	млрд.теңге	338,3	56,3	103,4	96,9	99,1
7	Сауда	млрд.теңге	2 790,5	535,6	102,9	103,0	109,4
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	2 687,5	694,3	104,4	106,6	119,8
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	105,2	103,9	99,9
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	4,9	-	-	-

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-мамыры	2015ж. мамыры	% -бен		2015ж. мамыр 2015ж. сәуіріне
					2014ж. қаңтар-мамырына	2014ж. мамырына	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	32 592,7	6 885,5	63,8	70,9	104,7
1.1.	- экспорт	млн. долл.	19 786,1	4 008,1	55,6	62,9	104,4
1.2.	- импорт	млн. долл.	12 806,6	2 877,4	82,9	86,2	105,1
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	311,5	63,2	105,2	102,0	101,5
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	122,7	-	101,8	102,9
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	-	97,6	102,6

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-маусымында көліктен бөлек экономиканың негізгі салаларының барлығында өсу үрдістері жалғасқан.

## Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-маусымы %-бен 2014 қаңтар-маусымына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-мамыры %-бен 2014ж. қаңтар-мамырына
1. ІЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін есептеме деректері)	102,3	іс жүзінде барлық компоненттердің өсуі	
2. Өнеркәсіп	100,6	тау-кен және өңдеу салаларындағы көрсеткіштердің жақсаруы	100,5
2-1. Тау-кен өндіру саласы	101,1	шикі мұнай, табиғи газ және металл рудаларын өндіру көлемдерінің ұлғаюы	101,0
2-2. Өңдеу саласы	100,3	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,2
3. Ауылшаруашылығы	103,0	мал шаруашылығындағы өнімдер шығарудың ұлғаюы	102,7
4. Құрылыс	105,1	құрылыс-монтаждау және ағымдағы жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	104,7
5. Байланыс	103,4	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы	104,7
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	102,9	базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	102,9
7. Негізгі капиталға инвестициялар	104,4	меншік қаражаты есебінен қаржыландырудың ұлғаюы	103,9
8. Инфляция	105,2	азық-түлік тауарларындағы бағалар деңгейінің төмендеуі	105,Ғ

2015 ж. қаңтар-маусымында көлік саласында жүк айналым көрсеткіштері төмендеді. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюына себепші болды.

## Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-маусымы %-бен 2014 қаңтар-маусымына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаңтар-мамыры %-бен 2014ж. қаңтар-мамырына
9. Көлік (жүк айналымы)	94,4	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	95,0
10. Сыртқы сауда айналымы (2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына және 2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне )	63,8	экспорт пен импорттың төмендеуі	62,7
10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына және 2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне )	55,6	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	54
10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт (2015 ж. қаң.-мам. %-бен 2014 ж. қаң.-мамырына және 2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне )	82,9	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	83,7




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

## 2015ж. қаңтар-наурыздың ІЖӨ 2,3%-ға өсті

ҰЭМСК-нің есептеме деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-наурыздың нақты көрсеткіштері 2,3%-ға ұлғайып, 8,2 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 1,1%-ға, ал қызмет көрсету 3,7%-ға өсті. 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 1,7%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 57,7%-ға дейін өсті.



Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. 1-ші тоқсанында экономиканың драйвері ролін атқарды


## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

## 2015 жылдың 1 тоқсанында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 2,0%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 тоқсанында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 2,0%-ға ұлғайып, 6,89 трлн. теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 4,1%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 жылдың тиісті кезеңіне шаққанда 2,0%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (4,2%-ға), үй шаруашылықтарының (4,1%-ға), ҰШҚҚҰ\* (4,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,6%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі экспорт үлесінің төмендеуіне (15,4%-ға) және тауарлар мен қызметтерінің импорты үлесінің өсуіне орай (4,1%-ға) 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға төмендеді.




\*- ҰШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

## 2015 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 1 тоқсанында ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (7,5%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 1 тоқсанында ЖІӨ-нің 17,6%-ға төмендеуі байқалды.





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. 2015 жылдың маусымында 2014ж. маусымына қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналды құны 44,3%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 1,5%-ға ұлғайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 40,0%-ға төмендеді.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі**


Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. маусымында оның үлесі сәйкесінше 40,9%-ға тең болды.

2015ж. маусымында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. маусымына қарағанда 2,6%-ға ұлғайды. Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. маусымында бір баррель үшін 62,3 долларға\* тең болды, бұл 2014ж. маусымынан 49,6\$-ға төмен және 2015ж. мамырынан 2,3\$-ға төмен. **Тау-кен өндіру саласының жылдық НКІ-і 1,5%-ға, ал айлық индекс - 1,8%-ға төмендеді\*\*.**

2015ж. қаңтар-маусымында өңделмеген мұнайды өндірудің көлемі (натуралды көрсеткіште) 2014ж. тиісті кезеңіне 1,3%-ға ұлғайды.

\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-маусымындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-мамырындағы ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 56,8%-ға тең болды), Қытайға (10,9%) және Ресейге (9,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 жылдың 1-тоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ІЖӨ-інің өсуі (28) 1,4%-ға тең болды, Қытайда ІЖӨ-нің өсуі 7%-ға дейін баяулап, Ресейде бұл көрсеткіш 2,2%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы**  
**2015ж. қаңтар-мамыры**

2015ж. қаңтар-мамырында сыртқы сауда айналымы 36,2%-ға төмендеді (экспорт 44,4%-ға, импорт - 17,1%-ға төмендеді). 2015ж. мамырында (2014 ж. мамырымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 29,1%-ға төмендеді (экспорт 37,1%-ға, импорт 13,8%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-мамырында-76,0%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (41,4%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-мамырында экспорт Еуразиялық Экономикалық Одағы елдерімен 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 16,2%-ға қысқарды, импорт - 13,2%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы несиелендіруге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмсарту бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өнірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін құрылған «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді.

**Несиелер бойынша бөрішек\***


**2015ж. қаңтар-маусымында несиелендірудің көлемі 11,5%-ға төмендеп, 10,71 трлн. теңгені құрды.**

Несиелендірудің жалпы көлемінің төмендеуі үрдісі белгіленді, 2015ж. маусымның аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 11,9%-ға төмендеген (2015ж. мамыр айының соңында да 1,9%-ға төмендеу байқалған).

2015 жылдың басынан маусым айының соңына дейін құрылыс, сауда және өнеркәсіпті несиелендіру сәйкесінше 24,5%, 10,1% және 4,6%-ға төмендеген. Сонда да, байланыс саласын несиелендірудің көлемі ұлғайған (2,0%-ға).

\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ


## Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп**Өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**


Маусымда өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындары шамалы ұлғайған. 2015 жылдың қаңтар-маусымында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 0,6%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-мамырында 0,5%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-маусымында - 0,4%-ға төмендеу). Бұған тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы көрсеткіштердің өсуі себепші болды.

**Тау-кен өндіру - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**


2015 жылдың қаңтар-маусымында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 1,1 %-ға өсті (2015ж. қаңтар-мамырында - 1,0%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-маусымында - 0,6%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 1,3%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-мамырында - 1,1%-ға өсу), табиғи газды өндіру 8,9%-ға, металл рудаларын өндіру 2,8%-ға және түсті металлдар рудаларын өндіру 5,6%-ға өсті.

**Өңдеу - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**

2015ж. қаңтар-маусымында сала бойынша ұлғаю 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,3%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-мамыр үшін - 0,2%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісінің 25,7%-ға өсуі металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 15,6%-ға ұлғаюына себепші болды (2015 жылдың қаңтар-маусымында өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 35,7%-ды құрады).

2.2. Құрылыс**Өсу үрдісінің сақталуы**

2015 жылдың қаңтар-маусымында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,1%-ға өсті. 2015 ж. қаңтар-маусымында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі жөндеу жұмыстарының көлемі 7,6%-ға төмендеп, ал ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі 7,5%-ға ұлғайды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,1%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы үлесі 88,7%-ға тең болды.






**2.3. Ауылшаруашылығы**

**Мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсуінің жалғасуы**

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-маусымында 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 3,0%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-мамырында - 2,7%-ға өсу, 2014 жылдың қаңтар-маусымында - 3,3%-ға өсу). Өсуге 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 3,1%-ға ұлғаюы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемі өзгерген жоқ.




**Қызмет көрсету саласы**

**2.4. Сауда**

**Тауар айналымдағы өсудің баяулауы**


2015ж. қаңтар-маусымында бөлшек тауар айналымы 2014ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 2,9%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-мамыры - 2,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-маусымы - 11,8%-ға өсу). Негізгі итермелеуші фактор - жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің 6,3%-ға өсуі, бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 46,6%.



**2.5. Көлік**

**Жүк айналым көлемінің азаюы**


2015ж. қаңтар-маусымында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-маусымымен салыстырғанда 5,6% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 14,2%-ға азаю себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 46,4%).



**2.6. Байланыс**

**Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-маусымында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,4%-ды құрады (2015ж. қаңтар-мамырында - 4,8%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-маусымында - 9,3%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,5 % болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 21,6%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 14,3 % болатын өзге қызметтер көлемінің 32,7 %-ға өсуі.






### 3. Инфляция

#### 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

##### Инфляциядағы өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-маусымында инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,2%-ға тең болды, бұған азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағаларының баяу қарқынымен өсуі себепші болды. 2015ж. маусымында инфляция өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 3,9%-ға дейін баяулады (2014ж. маусымында - 7,0%), айлық төмендеу 0,1%-ды құрады. 2015ж. маусымында азық-түлік бағалары өткен айға қарағанда 0,5%-ға төмендеді.




### 4. Инвестициялар

#### 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

##### Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-маусымында инвестициялардың өсу қарқыны 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,4%-ға дейін жеделдеген (2015ж. қаңтар-мамырында - 3,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-маусымында - 5,2%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардағы меншікті қаражатының үлесі 60,3%-ды құрады.




### 6. Еңбек нарығы

#### 6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

##### Жұмыссыздық деңгейі төмендеді

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және 12 ай бойы 4,9-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылдың маусымында жұмыспен қамтылғандар саны 0,1%-ға өсіп, ал жұмыссыздар саны 2,1%-ға төмендеп, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға дейін төмендеді.



#### 6.2. Халықтың кірістері

##### Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015 жылдың маусымында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014 ж. маусымымен салыстырғанда 0,2%-ды құрады (айлық есеппен алғанда өсу 1,9%-ға тең). 2015ж. мамырында нақты ақшалай кіріс 2,2%-ға төмендеді. 2015ж. маусымында нақты жалақы индексі де 3,6%-ға төмендеді.

